



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ  
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО  
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR  
ACCREDITATION AND RATING

# ЕСЕП

«ҚИнЭУ колледжі» жеке мекемесінің  
«1304000 «Электрондық есептеу техникасы және бағдарламалық  
қамтамасыздандыру»  
(түрлері бойынша)» Білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу  
стандарттарының талаптарына сәйкестігін бағалау бойынша сыртқы сараптамалық  
комиссия жұмысының нәтижелері туралы

2018 ж. «31» «02» қарашасына дейін

**АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ**  
**Сыртқы сараптау комиссиясы**

*АРТА аккредиттелген  
кеңесіне арналған*



Независимое агентство  
аккредитации и рейтинга

**«ҚИнЭУ колледжі» жеке мекемесінің  
«1304000 «Электрондық есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыздандыру»  
(түрлері бойынша)» Білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу  
стандарттарының талаптарына сәйкестігін бағалау бойынша сыртқы сараптамалық  
комиссия жұмысының нәтижелері туралы  
ЕСЕП**

**2018 ж. «31» «02» қарашасына дейін**

**Қостанай қ. 31 қазан 2018 жыл**

## I БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

АК – алфавиттік каталог  
АҚ – акционерлік қоғам  
ТЖ – тәрбие жұмысы  
ЖОО – жоғары оқу орны  
МАК – мемлекеттік аттестаттау комиссиясы  
ҚР [МЖМБС](#) – Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты  
БҰБП – білім ұйымы белгілейтін пән  
ТЖП – теміржол пәндері  
АКТ – ақпараттық -коммуникациялық технологиялар  
ИПҚ – инженерлік-педагогикалық қызметкерлер  
КААКЖ – қазақ автоматтандырылған ақпараттық-кітапханалық жүйесі  
КВН/КТК – көңілділер мен тапқырлар клубы  
ҚИнЭУ – Қостанайский инженерлік-экономикалық университет  
КАА – кітапханааралық абонемент  
ҚР БжҒМ - Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрлігі  
ҚР БҒМ – Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрлігі  
ХС – халықаралық стандарт  
ҒЗЖ – ғылыми-зерттеу жұмысы  
БҒЗЖ/СҒЗЖ – білім алушы/студенттің ғылыми-зерттеу жұмысы  
ҒӘЖ – ғылыми-әдістемелік жұмыс  
ОЖӨБ – облыстық жасөспірім балалар кітапханасы  
ББ – білім беру бағдарламасы  
ОҒОК – облыстық ғылыми-оқу кітапханасы  
ҚДДБ – кәсіби дайындық деңгейін бағалау  
КҚ – кәсіби құзыреттер  
ПОҚ – профессорлық-оқытушылық құрам  
ПЦК – пәндік-циклдік комиссия  
ҚР – Қазақстан Республикасы  
ЖОЖ – жұмыс оқу жоспары  
АБА – анықтамалық-библиографиялық аппарат  
БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары  
ҚНжЕ – құрылыс нормалары және ережелері  
ТжКББ – техникалық және кәсіптік білім беру  
ЖШС – жауапкершілігі шектеулі серіктестік  
ТОЖ – типтік оқу жоспары  
ОӘК – оқу-әдістемелік кешені  
ОӨЖ – оқу-өндірістік жұмыс  
ОЖ – оқу жұмысы  
ЖМ – жеке мекеме  
ЖММ – жас маман мектебі  
  
ОТМ – озық тәжірибе мектебі  
ЭК – электронды кітапхана

## (II) КІРІСПЕ

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің 2018 жылғы 29 қазандағы № 89-19-ОД бұйрығына сәйкес Қостанай қаласының "ҚИнЭУ Колледжі" жеке мекемесіне ТжКБ қызметі түрімен сыртқы сараптау комиссиясының (ССК) сапары өтті. 2018 жылдың 31 қазан мен 02 қараша аралығында 1304000 "Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)" мамандығының 1304043 «Техник-бағдарламашы» білім беру бағдарламаларының мамандандырылған АРТА аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін бағалау жүргізілді.

ССК есебі білім беру ұйымының ұсынған білім беру бағдарламаларының АРТА критерийлеріне сәйкестігін бағалауды, "ҚИнЭУ Колледжі"ЖМ білім беру бағдарламаларын одан әрі жетілдіру бойынша ССК ұсынымдарын және білім беру бағдарламаларының профилінің параметрлерін қамтиды.

ССК құрамы:

1. **Комиссия төрағасы** – Уалханов Байжан Нурбаевич, «Кәсіпқор» Холдингі жаттықтырушысы, т.ғ.к. (Көкшетау қ.);
2. **Шетелдік сарапшы** – Соснин Вячеслав Викторович, «Союз» Орталығының директоры (Омбы қ., Ресей Федерациясы);
3. **Сарапшы**– Маликова Маржан Сабыровна, «Алматы мемлекеттік политехникалық колледжі» МККК ОӘБ жөніндегі директор орынбасары (Алматы қ.);
4. **Сарапшы** – Коваль Марина Леонидовна, «Экономика, тамақ өндірісі технологиясы мен стандарттау колледжі» МККК оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі директор орынбасары (Астана қ.);
5. **Сарапшы** – Сенькин Павел Владимирович, «Машина жасау колледжі» КММ оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі директор орынбасары (Петропавл қ.);
6. **Сарапшы** – Исаков Сунгат Серикович, «Щучин қ. Жоғарғы колледжі» МККК энергетикалық пәндер және байланыс ӘБ меңгерушісі (Ақмола облысы);
7. **Сарапшы** – Абдрахманова Кадиша Тулегеновна, ПЦК төрайымы, «Жаяу Муса ат. Ақсу колледжі» КМКК арнайы пәндер оқытушысы (Павлодар облысы);
8. **Сарапшы** – Исаков Думан Сайлауханович, «Қарағанды жоғарғы политехникалық колледжі» КМКК т/ж пәндер ПЦК меңгерушісі (Қарағанды қ.);
9. **Агенттігінің бақылаушысы** – Бекенова Динара Каирбековна, АРТА ТжКБ ұйымын аккредиттеу бойынша жоба жетекшісі (Астана қ.);
10. **Жұмыс беруші** – Олкинян Людмила Юрьевна, «АгромашХолдинг» АҚ және «СарыаркаАвтоПром»ЖШС қызметкерлерді оқыту және дамыту Орталығының директоры (Қостанай қ.);
11. **Студент** – Лучин Анатолий Аркадьевич, «Қостанай автомобиль көлігі колледжі» КМКК 1402000 «Жол-көлік машиналарын техникалық пайдалану (түрлер бойынша)» мамандығының 2 курс студенті (Қостанай қ.).

### **(III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ҰСЫНЫЛУЫ**

«ҚИнЭУ колледжі» жеке мекемесі заңды тұлға мәртебесі бар, кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орны болып табылады.

«ҚИнЭУ колледжі» жеке мекемесі өз қызметін «ҚИнЭУ колледжі» жеке мекемесінің 12.08.2016 ж. Жарғысы негізінде жүзеге асырады; 17.08.2016ж. заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама (160840015399 бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның атауы: «ҚИнЭУ колледжі» жеке мекемесі, заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 110000, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Чернышевский көшесі, 59 үй)

Колледж жарғысында және ережесінде белгіленген мақсаттар мен міндеттерге сәйкес «ҚИнЭУ колледжі» жеке мекемесінің қызметі 17.10.2016 жылғы № KZ06LAA00007659 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырылады. Бұл лицензия «М.Дулатов ат. Қостанай инженерлік-экономикалық университеті» жеке мекемесінің қайта құрылуына байланысты алынды. «ҚИнЭУ колледжі» жеке мекемесін бөлу жолымен құрылтайшылардың жалпы жиналысының хаттамасы.

1304000 «Электрондық есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыздандыру» (түрлері бойынша) мамандығы бойынша мамандарды даярлау күндізгі және сырттай оқу түрі бойынша жүргізіледі, оқыту тілдері - мемлекеттік, орыс тілдерінде жүргізіледі. 2018-2019 оқу жылында білім алушылар саны 88 студент, оның ішінде 50 студент мемлекеттік тапсырыс бойынша, 38 студент коммерциялық негізде оқиды.

Білім беру бағдарламасына: оқу жұмыс жоспары, оқу пәндерінің жұмыс бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспар, оқу және өндірістік бағдарламалары, тиісті білім беру технологияларын іске асыруды қамтамасыз ететін оқу процесінің кестесі кіреді. Дайындық бағдарламасы миссияға сәйкес міндеттерді орындауға бағытталған және жеткілікті ресурстарға ие: кадрлық потенциал, материалдық-техникалық база, тәжірибе базаларымен шарттар, факультативтік пәндер тізімі және т. б.

1304000 «Электрондық есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыздандыру» (түрлері бойынша) мамандығының тәжірибелік оқуын ұйымдастыру үшін 4 әлеуметтік серіктестермен келісім шарт жасалды. Негізгілері «ЕВРАЗКаспианСталь» АҚ, «СарыарқаАвтоПром» ЖШС, «Алгоритм-Сервис» ЖШС, «СК – Метиза»ЖШС болып табылады.

«ҚИнЭУ колледжі» ЖМ ғимаратында жобалық қуаты 5342,7 ш. м. оқу корпусы, сондай-ақ 100 орындық жатақхана, 120 орындық асхана, «Гараж» студенттік дәмханасы 65 ш. м. бар.:

жалпы білім беретін кабинеттер – 11 бірлік.

жалпы кәсіптік және арнайы пәндер кабинеттері -20 бірлік □

зертхана – 22 бірлік.

шеберханалар - 3 бірлік.

1304000 «Электрондық есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыздандыру» (түрлері бойынша) мамандығы үшін 2056 "ПВЭМ аппараттық қамтамасыз ету, ақпараттық технологиялар және бағдарламалау технологиясы" және 206Б "Қолданбалы информатика, бағдарламалық қамтамасыз ету және бағдарламалау" зертханалары компьютерлермен және мультимедиялық техникамен жабдықталған.

### **(IV) АЛДЫҢҒЫ АККРЕДИТТЕУ ПРОЦЕДУРАЛАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ**

«ҚИнЭУ колледжі» жеке мекемесі алғаш рет ТжКБ ұйымдарын мамандандырылған аккредиттеу процедурасынан өтуде.

#### **(IV) ССК САПАРЫН СИПАТТАУ**

ССК жұмысы Білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу бойынша 2018 жылғы 31 қазан мен 02 қараша аралығында «ҚИНЭУ колледжі» жеке мекемесіне Сараптау комиссиясының сапары бағдарламасы негізінде жүзеге асырылды.

ССК жұмысын үйлестіру мақсатында колледжде белгіленген жиналыс өтті, оның барысында Комиссия мүшелері арасында өкілеттіктер бөлінді, сапардың кестесі нақтыланды, сараптама әдістерін таңдау мәселелерінде келісімге қол жеткізілді.

ССК мақсатты топтармен кездесуі сапардың нақтыланған бағдарламасына сәйкес, белгіленген уақыт аралығын сақтай отырып өтті. Ұжым тарапынан «ҚИНЭУ колледжі» жеке мекемесі сапар бағдарламасында көрсетілген барлық тұлғалардың қатысуы қамтамасыз етілді.

Колледждің барлық инфрақұрылымы және білім беру бағдарламалары сапасы туралы объективті ақпаратты алу үшін, өзін-өзі туралы есептердің мазмұнын нақтылау үшін кездесулер өткізілді: директормен, оқу, тәрбие және оқу-өндірістік жұмыстары, ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі директор орынбасарларымен, бас бухгалтермен, бухгалтер-экономистпен; сондай-ақ кадр бөлімі бастығымен, инфрақұрылымды дамыту және пайдалану бастығымен, кітапхана меңгерушісімен; педагог-психологпен; қабылдау комиссиясы жауапты хатшысымен; медбикемен; заңгермен. Кездесулерге барлығы 179 адам қатысты.

#### **1 кесте. –ССК кездесулеріне қатысқан адамдар туралы мәліметтер**

<b>Қатысушылар санаты</b>	<b>Количество</b>
Директор	1
Директор орынбасары	4
Бөлім меңгерушілері	2
Бас бухгалтер	1
Кадр бөлімі меңгерушісі	1
Инфрақұрылымды дамыту және пайдалану жөніндегі басқарма бастығы	1
Бухгалтер-экономист	1
ПЦК төрайымдары	7
Оқытушылар және өндірістік оқыту шеберлері	32
Қызметкерлері	7
Студенттер	67
Бітірушілер	16
Жұмыс берушілер, әліеуметтік серіктестер	12
Студенттердің ата-аналары	27
<b>Барлығы</b>	<b>179</b>

ССК жұмыс барысында колледждің инфрақұрылымын көзбен шолып қарау жүргізілді: оқу аудиториялары, компьютерлік сыныптар, кітапхана, оқу залы, акт залы, спорт залы, жатақхана, медициналық пункт, асхана және т. б.

Сонымен қатар колледждің нормативтік-құқықтық құжаттары, оқу жоспарлары, білім беру бағдарламасы, білім беру қызметін оқу-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету, білім беру процесін кадрлық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету бойынша материалдар, колледждің тәрбие жұмысы мен қаржы қызметін ұйымдастыру бойынша құжаттар зерттелді.

ССК жұмысы үшін барлық жағдай жасалған, барлық қажетті ақпараттық ресурстарға қол жеткізу ұйымдастырылған.

Жоспарланған бағдарлама аясында сараптама қорытындысы бойынша ССК әзірлеген колледж қызметін жақсарту бойынша ұсыныстар колледж басшылығымен кездесуде ұсынылды.

Сапар аясында жоспарланған іс-шаралар АРТА ғасыр мүшелеріне колледждің өзін-өзі бағалау бойынша есептерде жазылған деректердің мамандандырылған аккредиттеу

стандарттарының өлшемдеріне сәйкестігін тәуелсіз бағалауды жүргізуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, сарапшылар колледж сайты зерттеді [www.college.kineu.kz](http://www.college.kineu.kz), ол колледж туралы ішкі және сыртқы қоғамдық ақпарат көзі болып табылады.

Колледж қызметінің аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін егжей-тегжейлі талдау ССК-ке колледждің сапар бағдарламасы шеңберінде стандарттар бойынша келесі қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

## **(VI) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ**

### **6.1. «Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты**

Дәлелдеу бөлігі

Колледж қызметінің стратегиялық білім беру түрлері колледждің жоспарлы, есептік және нормативтік құжаттарында көрсетіледі.

1304000 «Электрондық есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыздандыру» (түрлері бойынша), 1304043 "Техник-бағдарламашы" мамандықтары бойынша оқыту Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттарына және колледждің 2017-2027 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспарына сәйкес жүзеге асырылады, онда елдің әлеуметтік-экономикалық, білім беру, ғылыми және мәдени дамуындағы оның орны мен рөлін көрсететін миссиясы, мақсаттары, міндеттері мен перспективалық көрінісі анықталды.

Колледждің миссиясы-бәсекеге қабілетті және еңбек нарығында сұранысқа ие, кәсіпкерлік ойлау қабілеті бар, өңір мен елдің инновациялық даму қажеттілігін қанағаттандыру үшін мамандарды дайындау.

Көрінісі -стейкхолдерлер талаптарына сәйкес келетін бәсекеге қабілетті мамандарды кәсіптік даярлау саласында сапалы білім беру қызметтерін көрсететін Қазақстан мен халықаралық кеңістікте танымал колледж болу.

Стратегиялық мақсат -ұлттық және халықаралық стандарттар деңгейінде маманның кәсіби дағдыларын игерумен сапалы білім алу.

Колледжде қызмет сыртқы және ішкі құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады. Сыртқы құжаттар ҚР Президентінің Жарлықтарымен, ҚР Үкіметінің қаулыларымен, ҚР БҒМ, Қостанай қ.Білім басқармасының бұйрықтарымен ұсынылады.

Ішкі құжаттар ішкі нормативтік, ұйымдастырушылық-өкімдік, бөлімшелер туралы ережелер, лауазымдық нұсқаулықтар болып бөлінеді.

Штаттық құрылымға сәйкес, колледжді тікелей басқаруды Қазақстан Республикасының заңнамасымен және колледж Жарғысымен анықталатын оның құзыретіне сәйкес колледждің стратегиялық басқаруын ұйымдастыратын директор жүзеге асырады.

Колледж қызметінің негізгі бағыттарын директордың орынбасарлары үйлестіреді:

- директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары;
- директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары;
- директордың ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары;
- директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

### ***Аналитикалық бөлік***

ССК сарапшылары колледжде жауапты тұлғаларды анықтау және басқарудың оңтайлы жүйесі қалыптасқанын атап өтті. Білім беру бағдарламаларын іске асыру, олардың миссиясына, көрінісіне және стратегиясына сәйкестігі бірінші кезекте мынадай тетіктерді пайдалану арқылы жоспарлау жүйесі арқылы қамтамасыз етіледі:

- бағдарламаны дамыту үшін жалпы басым бағыттар мен стратегиялық мақсаттар арқылы ұзақ мерзімді жоспарлауды басқару;
- орындалу мерзімін көрсететін құрылымдық бөлімшелердің ішкі бақылау және жұмыс жоспарларын қысқа мерзімді жоспарлаумен.

«Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты бойынша жұмысты талдай отырып, білім беру бағдарламасы ҚР нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылатынын атап өтуге болады.

Сапар бағдарламасына сәйкес оқытушылар мен білім алушылармен сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижелері қанағаттанушылық дәрежесін анықтаудан басқа, қызмет бағыттарына сәйкес жоспарларды түзету бойынша шешімді көрсетті.

АРТА ССК сапары барысында оқытушылардың анонимді сауалнамасы оқытушылардың көпшілігі «Оқу бағдарламаларында колледждің миссиясы мен стратегияларының көрінісі» тармағын атап өтті - «өте жақсы» - 7 адам, бұл 17,5% және «жақсы» - 32 адам, бұл 80%.

АРТА ССК сапары барысында студенттер арасында жүргізілген сауалнама мыналарды көрсетті:

- колледж басшылығының қол жетімділік және ықыластылық деңгейімен толық қанағаттандырылды-88,4%;
- оқу бағдарламаларының жалпы сапасына толық қанағаттанған-85,5%;
- оқыту әдістерімен жалпы қанағаттанған-88,4%;
- оқыту сапасына толық қанағаттанған-85,5%.

### ***Мықты жақтар/ ең үздік тәжірибе***

ССК аталған стандарт бойынша оқу орнында ББ іске асыруды реттейтін барлық негізгі бизнес-үдерістерді құжаттандыруға ерекше көңіл бөлінетінін атап өтті.

### ***ССК ұсыныстары***

Аккредиттелетін білім беру бағдарламаларын іске асыру бойынша колледж қызметін одан әрі дамыту және жетілдіру мақсатында АРТА ССК ұсынады:

- қызметтің ерекше бағыттарын және индикаторларды, сондай-ақ күтілетін нәтижелер мен талап етілетін ресурстарды көрсете отырып, Колледждің даму стратегиясын жетілдіруді қамтамасыз ету;
- сапа менеджменті жүйесін және колледждің стратегиялық даму жоспарын ескере отырып, білім беру үдерісін ұсыну сапасын жақсарту бойынша жұмысты күшейту;
- ББ даму жоспарын қалыптастыру және тұрақты қайта қарау тетіктерін және оны іске асыру мониторингін айқындау;
- ББ-дегі өзгерістердің тиімділігін талдауды, бөлімшелер қызметіндегі нәтижелілікті бағалауды және олардың өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;
- ББ басқару үдерістеріндегі статистиканы жинау және талдау жүйесінің жұмысына бастамашылық ету.

***Критерийлер бойынша ССК қорытындылары: (мықты/ қанағаттанарлық/ жақсартуды болжайды / қанағаттанарлықсыз)***

ССК аталған стандарт бойынша колледждің мамандандырылған профилінде 1-мықты, 16-қанағаттанарлық және 5-жақсартуды көздейді.

## ***6.2. «Білім беру бағдарламасының ерекшелігі» стандарты***

### ***Дәлелдеу бөлігі***

Техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларының мазмұны жалпы білім беретін, жалпы гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық, жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді игеруді, кәсіптік дағдыларды игеру және бекіту бойынша өндірістік оқудан және кәсіптік тәжірибеден өтуді көздейді.

Білім алушылардың білім беру бағдарламаларын табысты игеруінің негізгі нәтижесі еңбек нарығында бәсекеге қабілетті білімді, жан-жақты дамыған маманды даярлау болып табылады, осыған байланысты колледжде кластер мамандықтары бойынша бітіруші модельдері әзірленді.

Колледж бітірушінің моделі-бұл маман қандай қасиеттерге ие болу керек екенін, қандай функцияларды орындауға дайын болу керектігін және қандай қасиеттерге ие болу керектігін сипаттау.



Кәсіби қызметінің негізін бітірушінің қоғамдағы және еңбек нарығындағы өзгерістерге бейімделуіне, қолда бар құзыреттіліктерді жаңартуға немесе жаңа құзыреттіліктерді қалыптастыруға негізделетін кәсіби құзыреттіліктері құрайды. Нарықтық қатынастар жағдайында бітірушілер өз бетінше бақылау, бақылау, өзіндік тәртіп, бағалау, өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі басқару, қамтамасыз ету сияқты жалпы кәсіби құзыреттері болуы тиіс.

### ***Аналитикалық бөлік***

Сапар барысында арта сарапшылары практика базаларына, атап айтқанда 1314000 1304000 «Электрондық есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыздандыру» (түрлері бойынша) мамандығы бойынша, «СарыарқаАвтоПром» ЖШС, «АгромашХолдинг» АҚ және «СарыарқаАвтоПром» ЖШС қызметкерлерді оқыту және дамыту орталығының директоры Олкинян Людмила Юрьевнаға ұйымның қызметі туралы ақпарат ұсынылды, бірақ екіншіше орай, осы кәсіпорында тәжірибеден өту туралы мәліметтер расталмады.

Техникалық және кәсіптік білім берудің тұрақты дамуы, кез келген басқа әлеуметтік-экономикалық жүйе сияқты, оның әлеуметтік әріптестікке негізделген қызметін тұрақты жаңғыртумен байланысты екенін ескере отырып, жаңа, неғұрлым тиімді әріптестерді іздеу, оқу процесіне инновациялар енгізу талап етіледі.

Білім беру мазмұны саласындағы әлеуметтік серіктестермен өзара іс-қимылдың маңызды бағыты оларды кадрларды даярлау жөніндегі оқу-бағдарламалық құжаттаманы әзірлеуге тарту болып табылады.

Мұндай өзара іс-қимыл жұмыс берушілер тарапынан ұсынылатын мамандарды даярлау бойынша қазіргі заманғы және перспективалық талаптарды ескеруге мүмкіндік береді. ССК жұмыс берушілермен сұхбат барысында колледжге әлеуметтік серіктестермен ынтымақтастық бойынша жұмысты күшейту және өндіріс мүдделерін ескере отырып, білім беру бағдарламаларын жаңарту қажет екені анықталды.

Сонымен қатар, сарапшылар 1304000 «Электрондық есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыздандыру» (түрлері бойынша) мамандығы бітірушілерінің моделі жетілдіруді қажет етеді, өйткені ол қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге қабілетті техник-бағдарламашының білімін, іскерлігін, дағдыларын, базалық және кәсіби құзыреттілігін, жеке қасиеттерін көрсетуі тиіс. Құзыреттілікті қалыптастыру білім беру мазмұнының құралдарымен іске асырылады. Сұхбат барысында бітіруші моделін құрастыруға мүдделі тұлғаларды тарту расталмады.

Осылайша, ССК «Білім беру бағдарламасының ерекшелігі» стандарты бойынша жұмысты талдай отырып, білім беру бағдарламаларының жаңартылмаушылығын, олардың қазіргі еңбек нарығының болмысына сәйкес еместігін анықтады.

ОП басшылығына әріптес ұйымдармен тәжірибе алмасуды қамтамасыз ету үшін жұмыс берушілермен кеңестер мен дөңгелек үстелдер өткізу қажет, оларда бітірушілерге қойылатын талаптар түзетіледі, сауалнамалар толтырылып, талданады, қазіргі заманғы өндіріс талаптарын ескере отырып, оқу бағдарламалары түзетіледі.

Сондай-ақ оқыту мен кәсіптік сертификаттар алуды білдіретін қосымша білім беруді көздеу қажет.

АТРА ССК сапары барысында жүргізілген сауалнама мыналарды көрсетті:

- басшылықтың қол жетімділік және қайырымдылығының деңгейі жоғары деп бағаланады – 88,4%;
- жеке мәселелер бойынша кеңес алуға қолжетімділік-71%;
- оқу процесінде оқу материалдарымен қолдау-85,5%;
- колледждің оқу ресурстарымен қанағаттану деңгейі-87%.

### ***Мықты жақтар/ ең үздік тәжірибе***

ССК бұл стандарт бойынша оқу орнында үдерістердің айқындығы мен оқу нәтижелерін бағалау критерийіне ерекше көңіл бөлінетінін атап өтеді.

### **ССК ұсыныстары**

Аккредиттелетін білім беру бағдарламаларын іске асыру бойынша колледж қызметін одан әрі дамыту және жетілдіру мақсатында АРТА ССК ұсынады:

-ІТ инновациялық шешімдерді қолдана отырып, бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу, түрлендіру, бейімдеу, күйге келтіру және сүйемелдеу бойынша кәсіби қызметке сәйкес бітіруші моделін пысықтау;

- 1304000 «Электрондық есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыздандыру» (түрлері бойынша) мамандығының ББ-ны қазіргі заманғы еңбек нарығының талаптарына, аймақтың жұмыс істеп тұрған ұйымдары мен кәсіпорындарының талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында жаңарту;

- жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, оқу пәндерінің өзара байланысының мазмұнын, көлемін, логикасын және олардың бітірушінің базалық және кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға әсерін анықтау;

- пәндік нәтижелердің жетістіктерін талдау үшін оқыту сапасының мониторинг жүйесін әзірлеу;

- «Электрондық есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыздандыру» мамандығы бойынша өндірістік оқыту мен кәсіптік тәжірибеден өту нәтижелері бойынша білім алушылар мен кәсіпорындар басшыларының қанағаттанушылығының мониторинг жүйесін әзірлеу;

- оқу үрдісінде инновациялық әдістер мен оқыту формаларын қолдану бойынша жұмысты жүйелендіру;

30.01.2017 ж. № 125 бұйрыққа сәйкес енгізілген өзгерістермен, жұмыс берушілер өкілдерінің 65% және техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары өкілдерінің 35% қатынасында кәсіпорынның біліктілікті мамандары мен алқалық органдардың өкілдерінің санынан аттестаттау емтихандық комиссиясының құрамын қалыптастыру;

- ақпараттық технологияларды дамытудың заманауи деңгейіне сәйкес курстық және дипломдық жобалар тақырыптарын өзектендіру;

- «Электрондық есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыздандыру» мамандығының ББ дамыту жоспарының мазмұнын нақтылау.

**Критерийлер бойынша ССК қорытындылары: (мықты/ қанағаттанарлық/ жақсартуды болжайды / қанағаттанарлықсыз)**

ССК аталған стандарт бойынша колледждің мамандандырылған профилінде 1-мықты, 13-қанағаттанарлық және 10-жақсартуды көздейді.

### **6.3. «Педагогикалық ұжым және оқыту тиімділігі» стандарты**

#### **Дәлелдеу бөлігі**

Оқытушылар құрамы колледж миссиясын қамтамасыз ету үшін басты ресурс болып табылады. Осыған байланысты колледж қызметкерлерді іріктеу және дайындау процестеріне жоғары көңіл бөледі. Кадр саясаты колледж стратегиясының негізгі басымдықтарына, колледжді дамыту жоспарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Оқу-тәрбие процесін жүзеге асыру үшін кәсіби білім беру бағдарламаларының ерекшелігіне сәйкес мамандар даярлауды жүзеге асыратын және «ҚИНЭУ колледжі» ЖМ директорымен бекітілген «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының біліктілік сипаттамалары» біліктілік талаптарына сәйкес келетін қажетті кәсіби-педагогикалық біліктілігі бар, ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес педагогикалық қызметкерлер құрамы құрылды, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» ИПҚ негізгі қойылатын біліктілік талаптары анықталды.

ИПҚ оқу жұмысын жоспарлауды директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары педагогикалық жүктеме шегінде жүзеге асырады. Оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, ұйымдастыру-әдістемелік, тәрбие, біліктілікті арттыру және басқа да жұмыс түрлерін

орындауды ескере отырып, толық ставкаға жұмыс істейтін штаттық оқытушы жүктемесінің жалпы көлемі 8 сағаттық жұмыс күні шегінде 720 сағатты құрайды. ИПҚ-ның педагогикалық жүктемесінің жылдық көлемі оқу жылына бекітілген нормативке, ИПҚ штатына сүйене отырып және оқу жоспарларынан туындайтын оқу қызметінің барлық түрлерін орындау қажеттілігін ескере отырып белгіленеді.

1304000 «Электрондық есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыздандыру» (түрлері бойынша) мамандығы оқытушыларының штаты 5 адамды құрайды, олар арнайы пәндерді жүргізеді, оның ішінде Агибалова М. Ю. Ульяновск қ. «Марс» НПО инженері болып жұмыс істеді, Пятин Г. К. – «Страховая Комп Салем» АҚ, «кімшілік мәселелер бойынша маман, Дәрібаева С. А. – «SemserSecurity» ЖШС, кадрлар бөлімінің маманы болып қызмет атқарған.

### ***Аналитикалық бөлік***

Оқытушылармен сұхбат барысында сарапшылар ББ аясындағы инновациялар туралы нақты ақпарат алған жоқ, одан оқытудың белсенді және инновациялық әдістерін қолданудың болмашылығы туралы қорытынды қажет.

ССК сапар кезінде «Электрондық есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыздандыру» мамандығы бойынша оқу сабақтарына қатысты. 4 ПОВТ тобында 9 сабақты арнайы пәндердің жоғары санатты оқытушысы Агибалова Марина Юрьевна «Бағдарламалық қамтамасыз етуді жобалау және әзірлеу технологиясы» пәні бойынша өткізді. Сабақта 10 студенттен 9-ы қатысты. Сабақтың тақырыбы "Visual Basic қолданумен жобалау және өңдеу технологиясы". Тексеру барысында оқу процесінде инновациялардың жоқтығы анықталды, бұл қазіргі заманғы талаптарға сәйкес оқу бағдарламаларын өзектендіру қажеттілігін куәландырады.

Сонымен қатар, 4ПОВТ-9 тобында «Объектілі-бағытталған бағдарламалау» пәні бойынша жоғарғы санатты арнайы пән оқытушысы Дарибаева Сәуле Ахметқызы зертханалық сабақ өткізді, сабаққа 10 студенттен 7 студент қатысты. С++Builder зертханалық жұмысы өзекті емес, өйткені өнеркәсіптік өңдеуде оны кездестірмейміз, нарықта сұранысқа ие заманауи бағдарламалық құралдарды қолдана отырып, зертханалық жұмыстардың тақырыбын жанарту ұсынылады.

Арнайы пәндер оқытушыларының сабаққа қатысқан сабақтарына талдау оқытылатын материал мазмұнының өзектілігі мен қазіргі заманының жеткіліксіздігін көрсетеді, бұл тұтастай алғанда құзыретті маманды дайындауға мүмкіндік бермейді. Сонымен қатар, пәндерді оқу кезектілігіне назар аудару қажет. Мысалы, «Бағдарламалық қамтамасыз етуді жобалау және әзірлеу технологиясы» пәнін оқу студенттерге ақпараттық жүйелерді жобалау және әзірлеу мәселелері бойынша базалық білім береді, оны алғашқы курстарда игеруге дұрыс, ал соңғысы курстарда күрделі бағдарламалық өнімдер мен шешімдерді оқуға көбірек уақыт бөлу керек.

Білім беру процесінің сапасын арттыру факторларының бірі оқытуда ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады, бірақ ол үшін ақпараттық технологиялар саласында ішкі біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру арқылы колледж оқытушыларының акт меңгеру деңгейін арттыру қажет, бұл оқытушыларға кәсіби бағдарламалық қамтамасыз етуді меңгеруге және оны аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарды өткізуге табысты пайдалануға мүмкіндік береді.

Педагогикалық құрамның ақпараттық-коммуникациялық технологияларды құзыретті пайдалануы студенттің шығармашылық әлеуетін қалыптастыруға педагогикалық әсерін күшейтеді. Сондай-ақ оқу процесінде жаңа инфокоммуникациялық технологияларды қолдану тиімділігінің өсуі электрондық оқу құралдарының, әдістемелік ұсынымдардың және т. б. сапасын арттыруға ықпал етер еді.

Жалпы, мамандарды даярлау сапасын анықтайтын шарттардың бірі болып табылатын кадрлық қамтамасыз етуді бағалай отырып, базалық білімді ескере отырып, «Электрондық есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыздандыру» мамандығы бойынша кадрлық құрамды қайта қарау қажет. Сонымен қатар, педагогикалық ұжымның біліктілігін арттыруды жүйелі түрде ұйымдастыру, біліктілік санатына аттестаттаудан уақытында өту қажет, сондай-

ақ тұрақты мақсатты кадр жүйесін құру қажет, онда өз бітірішілер арасынан жаңа кадрлар даярлауды бөліп көрсету қажет.

АТА ССК сапары барысында өткізілген ПОҚ сауалнамасы:

- колледж ИПҚ потенциалын үздіксіз дамытуға мүмкіндік береді – жақсы-77,5% және өте жақсы – 12,5% %;
- оқытушылар білім беру бағдарламасының мазмұнын қанағаттандырады-жақсы 90% және өте жақсы-10%;
- оқытушылардың басшылықпен кері байланыс деңгейі жақсы қанағаттандырады - 75% және өте жақсы-10%;

### ***Мықты жақтар/ ең үздік тәжірибе***

ССК осы стандарт бойынша оқу орнында педагогикалық ұжымның қоғам өміріне қатысуына ерекше көңіл бөлінетінін атап өтеді.

### ***ССК ұсыныстары***

Аккредиттелетін білім беру бағдарламаларын іске асыру бойынша колледж қызметін одан әрі дамыту және жетілдіру мақсатында АРТА ССК ұсынады:

- арнайы пәндерді оқыту және шебер-класс, семинарлар және т. б. өткізу үшін оқу процесіне тартылатын практик-мамандардың үлесін арттыру.;
- колледж оқытушыларының кәсіби және тұлғалық дамуын ынталандыру тетіктерін басшылыққа әзірлеу;
- «Электрондық есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыздандыру» мамандық бойынша базалық білімді ескере отырып, кадрларды іріктеу бойынша бақылауды күшейту
- оқытушылардың кәсіби өсуін арттыру жүйесін тиімді басқару, сондай-ақ ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасын тиімді басқару үшін оқытушылардың рейтингтік жүйесінің жұмысын белсендіру;
- колледждің оқу-тәрбие процесінің тиімділігі мен сапасын арттыру үшін педагогикалық ұжымның қанағаттанушылығына мониторинг жүргізу;
- оқытушылардың біліктілігін арттыру және кәсіби деңгейін жетілдіру мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- инновациялық педагогикалық технологияларды пайдалану мәселелері бойынша педагогикалық және әдістемелік шеберлікті арттыру және шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасу саласындағы халықаралық ынтымақтастық мүмкіндігін қарастыру;
- мамандық профилі бойынша өндірістік кәсіпорындарда тағылымдамадан өту үшін арнайы пәндер оқытушыларының санын арттыру бойынша жұмысты күшейту;
- жас оқытушы және тәлімгерлік мектебінің жұмысын жетілдіру;
- арнайы пәндер бойынша авторлық әзірлемелердің санын арттыру;
- колледж оқытушылары үшін ағылшын тілі курстарын ұйымдастыру мүмкіндігін қарастыру.

***Критерийлер бойынша ССК қорытындылары: (мықты/ қанағаттанарлық/ жақсартуды болжайды / қанағаттанарлықсыз)***

ССК аталған стандарт бойынша колледждің мамандандырылған профилінде 1-мықты, 3-қанағаттанарлық және 7-жақсартуды көздейді.

#### 6.4. «Білім алушылар» стандарты

##### *Дәлелдеу бөлігі*

Оқу жағдайына байланысты оқу орнының контингенті мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушыларға және шарттық негізде білім алушыларға бөлінеді.

Контингентті қалыптастыру «ҚИНЭУ колледжі» ЖМ қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады және құрылымдық бөлімшелердің жұмыс жоспарына енгізіледі. Білім алушылардың контингентін қалыптастыру саясаты колледжде оқуға дайындалған, кәсіптік бағдар беру жұмысы нәтижесінде "ҚИНЭУ Колледжі" ЖМ мамандығын саналы түрде таңдаған тұлғаларды тарту болып табылады.

Колледжде оқуға қабылдау және жіберу ҚР Конституциясына, ҚР «Білім туралы» Заңына, ҚР басқа да нормативтік құқықтық актілеріне, колледж жарғысына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 130 қаулысымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Типтік ережелеріне», сондай-ақ жыл сайын колледж құрылтайшылары бекітетін «ҚИНЭУ колледжі»ЖМ оқуға қабылдау Ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

##### Ағымдағы жылға білім алушылар контингенті:

<b>Мамандық</b>	<b>Мемлекеттік білім беру тапсырысы</b>	<b>Шартты негізде</b>
Электрондық есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыздандыру	50	38
<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>88</b>	

Осылайша, басты көрсеткіш мемлекеттік білім беру тапсырысына студенттер контингентін қалыптастыру болып табылады.

Мектеп оқушыларын кәсіптік бағдарлау бойынша маңызды жұмысты колледж студенттері де жүргізеді, олар демалыс уақытында тұрғылықты жері бойынша үгіт материалдарын таратады.

Қабылдау комиссиясының құрамы колледж директорының бұйрығымен бекітіледі. Қабылдау комиссиясы белгіленген талаптар мен қабылдау жоспарын басшылыққа ала отырып, өз жұмысын ұйымдастырады. Қабылдау комиссиясының нәтижесі қабылдау рәсімі болып табылады. Колледж студенттерінің құрамына қабылдау Типтік ережелерге, қабылдау емтихандарының қорытындысына сәйкес жүргізіледі.

Оқу, педагогикалық және өндірістік практика базаларымен қамтамасыз ету мақсатында саланың жетекші кәсіпорындарымен шарт жасалады.

Қорытынды аттестаттаудан өткен және тиісті кәсіптік оқу бағдарламасын меңгергенін растаған студенттерге МАК шешімімен мамандығы бойынша тиісті біліктілік және мемлекеттік үлгідегі диплом беріледі.

Түлектерді жұмысқа орналастыру колледж жұмысын бағалауда маңызды критерий болып табылады. 1304000 «Электрондық есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыздандыру» мамандығы бойынша жұмысқа орналасуын талдау есепті кезеңде 87% құрайды.

##### *Аналитикалық бөлік*

АРТА комиссиясының мүшелерімен сұхбат барысында аккредиттелетін мамандықтардың студенттері келесі тілектерін білдірді: оқытудың тәжірибелік бағдарын күшейту, мамандықпен танысу үшін өндірістік экскурсияларды арттыру, зертханаларды заманауи жабдықтармен жабдықтау, шәкіртақы мен т. б. арттыру.

Сарапшылар колледжде білім алушылардың шығармашылық және спорттық қабілеттерін дамыту үшін барлық жағдай жасалған, бірақ болашақ маманның біліктілігін арттыруға ықпал ететін кәсіби үйірмелерге уақыт жеткіліксіз бөлінетінін атап өтті. Сондай-ақ, жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, дипломдық жобалардың өзекті және нақты тақырыптарын таңдауға және олардың мазмұнына баса назар аудару қажет.

АРТА ССК сапары барысында жүргізілген сауалнама мыналарды көрсетті:

- оқу үрдісінде оқу материалдарымен қолдау көрсету – толық қанағаттандырылды-85,5%, ішінара-13%;

- жеке мәселелер бойынша кеңес алуға қолжетімділік – толық қанағаттандырылды-71%, ішінара-23 %;

- кітапханалық ресурстардың қолжетімділігінің деңгейі-92,8%, ішінара-7,2 %;

- кітапханаларда және оқу залдарында көрсетілетін қызметтердің сапасына толық қанағаттанған – 85,5 %, ішінара-13%.

### ***Мықты жақтар/ ең үздік тәжірибе***

«Білім алушылар» стандартын талдау барысында сарапшылар «Электрондық есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыздандыру» мамандығының мықты жақтарын анықтамады.

### ***ССК ұсыныстары***

Аккредиттелетін білім беру бағдарламаларын іске асыру бойынша колледж қызметін одан әрі дамыту және жетілдіру мақсатында АРТА ССК ұсынады:

- берілген құзыреттер бойынша WorldSkills халықаралық чемпионаттарын кәсіби даярлау стандарттарын енгізу тетігін әзірлеу;

- мамандандыруға сәйкес үйірме жұмыстарын және факультативтерді ұйымдастыру;

- түлектерді жұмысқа орналастыру және кәсіптік қызмет бойынша мониторинг жүргізу тетігін әзірлеу;

- білім алушыларды өз бетінше білім алуға ынталандыру тетігін бастамашылық ету;

- «Электрондық есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыздандыру» мамандығы бойынша кәсіпорындарға өндірістік экскурсияларды көбейту»;

- колледж түлектерімен байланысты күшейту - оларды түрлі іс-шараларға қатысу үшін тарту және түлектер қауымдастығын құру мүмкіндігін қарастыру;

- инновациялық технологияларды қолдану арқылы кәсіптік бағдар беру жұмысын жетілдіру.

***Критерийлер бойынша ССК қорытындылары: (мықты/ қанағаттанарлық/ жақсартуды болжайды / қанағаттанарлықсыз)***

ССК аталған стандарт бойынша колледждің мамандандырылған профилінде 6-қанағаттанарлық және 4-жақсартуды көздейді.

## **6.5. «Білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда қолданылатын ресурстар» стандарты**

### ***Дәлелдеу бөлігі***

Білім беру қызметін жүзеге асыру кезінде колледж білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық және оқу-зертханалық базасына қойылатын міндетті нормативтік талаптарды реттейтін нормативтік құжаттарды басшылыққа алады.

